

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев айқындаған негізгі құндылықтар жас ұрпақтың дүниетанымын қалыптастыруда маңызды орын алады.

2025–2026 оқу жылында өткізілген іс-шаралар

Іс-шара түрі	Саны
Жалпы өткізілген іс-шаралар	10
Әңгімелер	11
Кітап көрмелері	10
Әдеби және танымдық сағаттар	3

Бірінші сынып оқушыларын кітапханамен таныстыру

Жыл сайын қыркүйек айында бірінші сынып оқушылары үшін дәстүрлі түрде «Кітапханаға саяхат» атты таныстыру экскурсиясы өткізіледі.

Экскурсия барысында оқушылар:

- «кітапхана» ұғымымен;
- «кітапханашы» мамандығымен;
- кітап қорымен;
- кітапхананы пайдалану ережелерімен танысады.

Балалар кітап көрмелерін қызығушылықпен тамашалап, викторина сұрақтарына жауап береді.

Таныстыру жұмыстары барысында оқушылар:

- кітапхананың маңызын түсінді;
- кітапқа ұқыпты қарау ережелерін үйренді;
- кітапханада өзін ұстау мәдениетімен танысты;
- кітаптардың білім мен ақпараттың маңызды көзі екенін білді.

Экскурсия соңында оқушылар өздеріне ұнаған кітаптарды қарап, иллюстрациялармен танысуға мүмкіндік алды.

Кітап көрмелері арқылы қорды насихаттау

Кітапхана қызметінің маңызды бағыттарының бірі – кітап қорын көрмелер арқылы насихаттау.

Оқушыларды кітап оқуға тарту мақсатында мерейтойлық және ағаулы күндерге, сондай-ақ түрлі айлықтар мен тәрбиелік іс-шараларға арналған тұрақты және уақытша кітап көрмелері ұйымдастырылды.

Кітапханада өткізілген жұмыстар:

- оқырмандарға қызмет көрсету;
- оқылған кітаптар бойынша әңгімелер өткізу;
- жаңа түскен кітаптар, энциклопедиялар мен журналдарды таныстыру;
- мерейтойлық кітаптарға арналған көрмелер ұйымдастыру;
- маңызды күндерге арналған әдеби-ақпараттық бұрыштар әзірлеу.